

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің
Төрағасы



Р. Есеналин

« _____ » 2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
«Спорттық бағдарлау
федерациясы»
қоғамдық бірлестігі
президенті



Е. Баяхметов

« _____ » 2026 ж.

2026 жылға
Спорттық бағдарлау бойынша
Республикалық жарыстардың
ЕРЕЖЕСІ

Астана қ. 2026 ж.

Handwritten signatures in blue ink at the bottom of the page.

1. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

#	Спорттық жарыстардың атауы	өткізілу орны мен күні	келу және қайту күндері
1	Шаңғыдағы спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Кубогы	Алатау ШБК, Талғар ауданы, Алматы обл.	20–24 ақпан
2	«BOBR CUP» шаңғыдағы спорттық бағдарлау бойынша республикалық турнир	Бобровка ауылы (ШҚО)	9-14 ақпан
3	Шаңғыдағы спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	Бобровка ауылы (ШҚО)	10–15 наурыз
4	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Бурабай-2026» республикалық турнирі	Ақмола обл.	28 сәуір – 4 мамыр
5	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Astana-O-fest» республикалық турнирі	Астана қ.	14-17 мамыр
6	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Ориен-Драйв» республикалық турнирі	Қарағанды қ.	15-17 мамыр
7	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Кубогы	Орал қ. (БҚО)	22–26 маусым
8	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	Қарағанды обл.	15–20 шілде
9	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Қарқаралы-2026» республикалық турнирі	Қарқаралы қ. (Қарағанды обл.)	12-20 шілде
10	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатына даярлау бойынша арнайы оқу-жаттығу жиыны	Ақмола обл.	2-12 шілде
11	Қалалық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	Алматы қ.	20-25 тамыз
12	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Батыс-Азимут 2026» ашық республикалық турнирі	Орал қ., БҚО	8–10 қазан
13	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша «Золотая осень» республикалық турнирі	Алматы қ. және Казстрой, Талғар ауданы, Алматы обл.	18–20 қазан

Жарысқа қатысушы спортшылар мандаттық комиссия бекітілген күн мен уақытында тіркеуден өткен жағдайда жарысқа қатыса алады.

2. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

Жарысқа облыстық, қалалық федерацияларымен қатар, облыстық және қалалық дене шынықтыру және спорт басқармаларымен бекіткен Қазақстан Республикасының облыстарының, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының құрама командалары, БЖСМ, ЖСШМ және жеке спорт клубтары катысады. М21Е және W21Е топтарында 4 ерлер мен 4 әйелдер, қалған топтарда шектеусіз.

№	Жас ерекшеліктері мен жынысы	Топтар
1	Балалар – 11-12 жас ұлдар	M12
2	Балалар –11-12 жас қыздар	M12
3	Балалар мен Жасөспірімдер – 13-16 жас ұлдар	M-14, M-16
4	Балалар мен Жасөспірімдер – 13-16 жас қыздар	W-14, W-16
5	Жасөспірімдер мен Юниорлар – 17-20 жас ұлдар	M-18, M-20
6	Жасөспірімдер мен Юниорлар – 17-20 жас қыздар	W-18, W-20
7	Жастар мен Ересектер – 21 және одан жоғары ерлер	M-21
8	Жастар мен Ересектер – 21 және одан жоғары әйелдер	W-21

3. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

Медициналық персоналды облыстың ДШСБ тарапынан қамтамасыз етіледі. Жарысқа қатысушылар Дүниежүзілік допингке қарсы қауымдастықтың (әрі қарай- ВАДА-ның) нормаларына сәйкес допинг-бақылаудан өтуі мүмкін және допингке қарсы кодекс қағидаларын сақтауы тиіс. ВАДА-ның допингке қарсы кодексінің қағидалары бұзылса, спортшы допинг-тест тапсыруға келмесе, оған ВАДА-ның допингке қарсы күрес кодексіне сәйкес (спортшы толық шеттетуге дейін) санкциялар қолданылады. Аталған кодекске сәйкес, тіпті толық шеттетуге дейін шаралар қолданылатын болады.

4. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінім берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

Спорттық бағдарлау бойынша ережеге сәйкес нысан бойынша өтінім: жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес қысқартусыз қатысушының тегі, аты; туған күні, мәлімделетін топ; дәрігердің рұқсаты, бар болса SI - cards нөмірі (чип). Ресми өтінімге Облыстың, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының спорт және ДШСБ бастығы қол қояды. Өтінімде команданы ұсыну және жарыс кезеңінде команда бойынша мәселелерді шешу үшін аккредиттелген команданың ресми өкілі көрсетіледі.

1. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерін марапаттау бойынша шығындары (медальдар, дипломдар, кубоктар) және төрешілердің еңбек ақысын Қазақстан Республикасының Туризм және спорт Министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК жүзеге асырады.
2. Спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету, жарыстарды ұйымдастыруына Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы жауапты.
3. Облыстардың, қалалардың құрама командаларының және төрешілерінің келіп-кетуі, тамақтануы, қонақ үйде тұруы бойынша шығындар жіберуші мекеме есебінен. Облыстардың, қалалардың құрама командаларының және төрешілерінің келіп-кетуі, тамақтануы, қонақ үйде тұруы бойынша шығындар жіберуші мекеме есебінен.

5. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, тиісті дипломдармен, кубоктармен марапатталады.

№	Жарыс атауы	Диплом	Медаль	Кубки	Барлығы
1	Шаңғыдағы спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын - 12 2 орын - 12 3 орын - 12	1 орын - 12 2 орын - 12 3 орын - 12	1 орын - 1 2 орын - 1 3 орын - 1	диплом – 186 дана; медаль – 186 дана; кубок – 1 жинақ;
2	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Кубогы	1 орын - 10 2 орын - 10 3 орын - 10		1 орын - 10 2 орын - 10 3 орын - 10	диплом – 30 дана; медаль – 0 дана; кубок – 10 жинақ;
3	Жүгіру спорттық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын - 12 2 орын - 12 3 орын - 12	1 орын - 12 2 орын - 12 3 орын - 12	1 орын - 1 2 орын - 1 3 орын - 1	диплом – 186 дана; медаль – 186 дана; кубок – 1 жинақ;

4	Қалалық бағдарлау бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын - 12	1 орын - 12	1 орын - 1	диплом – 210 дана; медаль – 210 дана; кубок – 1 жинақ;
		2 орын - 12	2 орын - 12	2 орын - 1	
		3 орын - 12	3 орын - 12	3 орын - 1	

Қосымша ақпарат қосымшада көрсетіледі

6. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

Барлық наразылықтар Спорттық бағдарлау бойынша халықаралық жарыстар қағидаларына сәйкес берілуге тиіс.

Қатысушыларда жекелеген төрешілер шешімінің дұрыстығына қатысты күмән туындаған кезде, өз командасының өкілі арқылы төрешілер алқасына өтінішпен немесе наразылықпен жүгінуге рұқсат етіледі. Төрешілер алқасының наразылық бойынша шешімі түпкілікті болады және қайта қаралмайды.

Осы ереже жарысқа қатысуға ресми шықыру болып табылады. Спорттық жерістың ережесіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге болады.